

Жетісу облысы бойынша тауарлық газды тұтыну нормаларын бекіту туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 256 қаулысы

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7- бабы 5- тармағының 6-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі №377 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17742 болып тіркелген) бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу мен бекіту қағидаларының 35- тармағына сәйкес Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысы бойынша тауарлық газды тұтыну нормалары осы қаулының 1, 2- қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. "Жетісу облысы бойынша тауарлық газды тұтыну нормаларын бекіту туралы" Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 24 маусымдағы №194 қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы
"_____" _____ №____ қаулысына 1-
қосымша

Жетісу облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушылар үшін тауарлық газды тұтыну нормалары

№	Тауарлық газды тұтыну сипаттамасы	Жылыту маусымындағы айлық норма м3 (текше метр)	Жылыту маусымынан тыс айлық норма м3 (текше метр)
1.	Жылыту қазандығы, газ плитасы және су жылытқышы бар үй шаруашылығы	775	148

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:

м3 – текше метр.

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы
"_____" _____ №____ қаулысына 2-
қосымша

Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін тауарлық газды тұтыну нормалары

--	--	--	--

№	Тауарлық газды тұтыну сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Айлық тұтыну нормасы м3 (текше метр)
1.	Газ плитасы және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болған кезде тамақ дайындау	1 адамға	11,0
2.	Газ плитасы мен газ су жылытқышы болған кезде суды жылыту	1 адамға	27,0
3.	Газ плитасы болған және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау және газды су жылытқышы болмаған кезде суды жылыту	1 адамға	16
4.	Тұрғын үй-жайларды жеке (пәтерлі) жылыту (жылыту маусымында)	бір шаршы метр жылыту алаңына	7,0

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:
м3 – текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК